

Қазақстан Республикасында Экологиялық зиянды пестицидтерді пайдалануға тыйым салу және оларды көму тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 сәуірдегі N 439 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы N 29 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.18. N 29 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қоршаған ортаның, ауыл шаруашылығы өнімдерінің ластануын, сондай-ақ пестицидтердің адамдардың денсаулығы мен жануарлар дүниесіне зиянды ықпалын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Е т е д і :

1. Қазақстан Республикасында кумулятивті, канцерогенді, мутагенді, теротегенді, эмбрио және гонадоуытты қасиеттерімен сипатталатын және өсімдіктерге, топырақ пен суға жинақталу мүмкіндігі бар жоғары уытты пестицидтерді пайдалануға тыйым салынсын.

2. Пестицидтерді пайдалануға тыйым салу мен тіркеуді тоқтату жөніндегі шешімді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Экология және биоресурстар министрлігінің ұсынуы бойынша, сондай-ақ БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі Бағдарламасының (ЮНЕП) Халықаралық әлеуетті уытты химиялық заттарды тіркеу деректері негізінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Химиялық, биологиялық қорғау құралдарын, феромондар мен ауыл-шаруашылығы өсімдіктері және орман екпе ағаштарының өсуін реттегіштерді сынау мен тіркеу жөніндегі республикалық комиссия қабылдайды.

3. Қазақстан Республикасының аумағында қолдану үшін тыйым салынған немесе жарамсыз деп танылған пестицидтер міндетті түрде көмілуге немесе жойылуға тиіс. Бұл орайда тыйым салынған препараттарды көму немесе жою олардың иелерінің қаржысы есебінен жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі төрт ай мерзімде тыйым салынған және жарамсыз күйге ұшыраған пестицидтер мен олардың, ыдыстарын көму немесе жою тәртібі жөніндегі Нұсқауды әзірлеп, бірлесе о т ы р ы п б е к і т с і н .

5. Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға тыйым салынған немесе жарамсыз күйге ұшыраған пестицидтерді көмуге немесе жоюға бақылау жасау Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігіне және Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

6. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті ауыл және орман шаруашылықтарында қолдануға тыйым салынған пестицидтердің республика аумағына әкелінуін тоқтату жөнінде шаралар қабылдасын.

7. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесе отырып тиісті облыстар әкімдерінің жәрдемдесуімен 1996 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде республика аумағында қолда бар тыйым салынған және жарамсыз күйге ұшыраған пестицидтер мен олардың ыдыстарын түгендеуді, өткізуді қамтамасыз етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі